

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



«АБАЙ ЖОЛЫНЫҢ» АҚИҚАТЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



БАЛА БАСҚАРҒАН ЗАМАН ТУДЫ МА?

7-БЕТ | ҚОҒАМ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Елімізде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы орныға түсті. Азаматтарымыз ел өміріне қажетті шешімдерді қабылдау үдерісіне белсене қатысатын болды. Әсіресе, реформаларды жүзеге асыру ісінде билік пен қоғамның мүддесі бір екені анық байқалды. Елдегі өзгерістер, ең алдымен, халықтың игілігі, ұрпақтың болашағы үшін жасалып жатыр.

№109
(4853)
Сейсенбі
16 қыркүйек
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елордада «Таза Қазақстан: Таза Астана» ұранымен дәстүрлі экологиялық айлық басталды. «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты ауқымды акция аясында ұйымдастырылған іс-шараға 25 мыңнан астам қала тұрғыны қатысты. Эко-сенбілік барысында 86 тоннадан астам қоқыс жиналып, мыңнан аса жасыл желек отырғызылды.



Биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша Астана ел экономикасына салынған инвестиция көлемі жағынан көш бастады.

ТАЗАЛЫҚТЫ ҚОЛДАЙТЫН ТҰРҒЫНДАР КӨП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында экономикалық өсудің негізгі драйверлерін нығайтуға ерекше назар аударды. Олардың арасында инвестициялар, өнеркәсіп және кәсіпкерлік маңызды орын алады. Осы ретте елордада инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға және жобаларды қолдауға ерекше мән берілуде.

Атап айтқанда, Астана қаласы бойынша нақты өсім 42 пайызды құрап, 1,2 трлн теңгеге жетті. Жеке инвестициялар 25,4 пайызға өсіп, 780 млрд теңгені құрады.

Биыл елордада өңдеу өнеркәсібінде жаңа өндірістерді іске қосу есебінен инвестиция көлемін 7 пайызға арттыру жоспарланып отыр. Бұл өсімді 2,6 трлн теңгеге дейін жеткізу көзделген.

«ЖАНҰЯ» ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

Астанадағы «Жанұя» отбасын қолдау орталығы жыл басынан бері қиын жағдайға тап болған 2800-ден аса адамға заңгерлік көмек көрсетті.

Орталықта көпбалалы, толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі баласы бар жанұялар, сондай-ақ әлеуметтік және қаржылық қиындықтарға тап болған азаматтарға құқықтық кеңес беріледі. Сонымен қатар орталық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған, жұмыссыз және әлеуметтік аз қамтылған отбасылар да заңгерлік кеңес, қиын жағдайға түскен отбасыларға психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету қызметтерін ұсынады.

Орталықта халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ақпараттық жұмыстар жүргізіп, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар мен адвокаттармен ынтымақтастық орнатады.



ЖЕТІ АЛТЫН – ҮЗДІК НӘТИЖЕ

Ұлыбританияның Ливерпуль қаласында World Boxing ұйымы өткізген тұңғыш әлем чемпионатында Қазақстан ұлттық құрамасының боксшылары жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлем чемпионатында топ жарған боксшыларды құттықтады. Президент өз құттықтауында қазақ боксшыларының әлем біріншілігінде керемет нәтиже көрсеткенін атап өтті. Сондай-ақ 2028 жылы Лос-Анжелесте өтетін Олимпиада ойындарына қазірден бастап дайындалу қажеттігін айтып, қазақ бокс мектебінің мерейі әрдайым үстем болуына тілектестігін білдірді.

Ливерпуль шаршы алаңында Алуа Балқыбекова, Аида Әбікеева, Наталья Богданова, Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Төрехан Сабырхан және Айбек Оралбай әлем чемпионы атанды.

8

№109 (4853) 16/09/2025 Сейсенбі



КИБЕРҚАТЕРЛЕРГЕ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ ТҰРАМЫЗ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтарға арналған цифрлық ортаны қорғау мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Мемлекет басшысы жуырдағы Жолдауында Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыруды көздейтін міндет жүктегенін айтты. Бұл үшін кешенді іс-шаралар қабылдау, соның ішінде киберқауіпсіздік саласында да ауқымды жұмыс атқару қажет.

Жиын барысында қазіргі заманғы киберқатерлер мен оған қарсы іс-қимыл әдістері, аса маңызды ақпараттық инфрақұрылымды қорғау, киберқауіпсіздік индустриясын дамыту және кадр даярлау жүйесін жетілдіру мәселелері талқыланды. Кеңесте Цифрлық даму, инновациялар және аэрофарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев пен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев баяндама жасады.

Президент киберқылмыспен, соның ішінде кибералаяқтықпен күрестің маңызына тоқталды. Сонымен қатар киберқылмыстарды тергеуге қатысатын мемлекеттік органдардың құзыретін арттыру шараларына баса назар аударды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың жеке деректерін қорғауды және дербес мәліметтерді таратқаны үшін берілетін жазаны күшейтуді басты міндет ретінде атады. Сондай-ақ киберортадағы қауіпсіздік пен жауапты әрекет қағидаттарын халыққа кеңінен түсіндіріп, алдын алу жұмыстарын күшейту қажет.

Отырыс соңында Мемлекет басшысы стратегиялық тәуекелдерді азайтып, киберқауіпсіздік мәселелерін жүйелі түрде шешу мақсатында бірқатар шара қабылдауды тапсырды.


170 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Елордада жыл сайын тартымды орындар қатары көбейіп келеді. Осы мақсатта қала аумағын абаттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Биыл 170 аула мен қоғамдық кеңістік (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырылады. Жұмыстың басым бөлігі аяқталуға жақын. Бұл туралы Астана әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Абаттандыру кезінде қалада көгалдандыруға ерекше назар аударамыз. Биыл 1 млн-нан астам жасыл желек отырғызамыз. Абаттандыру және көгалдандыру жұмысы қаланың барлық ауданын қамтиды. Осыған дейін мен қай жерде қандай нысандар салынатыны туралы айтқан болатынмын. Қазір бірнеше ірі жобаға тоқталғым келеді. Мәселен, жаңа жаяу жүргіншілерге арналған Green Line желекжолы ашылады. Оның ұзындығы 3,5 шақырымнан асады. Төле би көшесінен Омаров көшесіне дейінгі учаскені жаяу жүргіншілерге арналған жасыл кеңістікке айналдыруды жоспарлап отырмыз. Қазір алғашқы кезектегі жұмыс – Күлтегін көшесінен Әнет Баба көшесіне дейінгі меже (қазан айының соңында) аяқталуға жақын. Желекжолдың негізгі идеясы – жайлы жасыл дәліз құру: мұнда ірі ағаштар мен көпжылдық бұталар отырғызылады, демалыс пен серуендеуге арналған көлеңкелі орта қалыптасады. Бағдар бойында ойын және спорт алаңдары, демалыс аймақтары, заманауи қалалық жиһаз және т.б. орнатылады. Жақын арада осы учаске қала тұрғындарының серуендеуіне арналған жаңа орынға айналады» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбектің айтуынша, Есіл өзені бойындағы саябақ кластерін абаттандыру бойынша кешенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Ататүрік саябағындағы жағалауды абаттандыру аяқталды, Триатлон саябағы бойындағы жағалауды реконструкциялау жұмысы жүріп жатыр. «Сондай-ақ жаңа қоғамдық кеңістік – Бейбітшілік пен келісім саябағын салу жұмысы да аяқталуға жақын. Оның орталық элементі – мәңгілікті, үйлесімділікті және ұрпақтар сабақтастығын бейнелейтін Өмір ағашы болады. Өмір ағашының айналасында мазмұндық мәнге ие төрт инсталляция орналасады, олардың әрқайсысы бейбітшілік, келісім және рухани бірлік құндылықтарын бейнелейді. Бұдан бөлек, саябақта каскадты сарқырамалар, «жұлдызды аспан» туннелі, жаяу жүргіншілер жолы, демалыс аймақтары жасалып, жасыл екпелер отырғызылды. Бұл оны тек символдық емес, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары үшін жайлы орынға айналдырады» деп түсіндірді әкім.

Ж.Қасымбек қаланы абаттандыруға құрылыс компаниялары да араласатынын айтты. Олар өз қаражаты есебінен Керей мен Жәнібек хандар көшесінің, әл-Фараби даңғылының және Бұқар Жырау көшесінің қиылысында құрылысы жүріп жатқан ауданда жаңа қоғамдық кеңістікті салып жатыр. «Мәңгілік ел даңғылын абаттандыру жалғасуда. Қазіргі кезеңді қазан айының соңына дейін – Хусейн бен Талал көшесімен қиылысқанға дейін аяқтау көзделген. Келесі учаскені 2026 жылы жалғастырамыз» деп сөзін түйіндеді әкім.



«ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне қатысу үшін Астанаға арнайы келген Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы шейх Мұхаммед бен Абдулкарим Әл-Исамен кездесті.

Президент еліміздің діндер арасындағы диалогты дамыту бастамасына ұдайы қолдау көрсетіп, бейбітшілік пен келісім идеяларын насихаттауға елеулі үлес қосып келе жатқан ұйым басшысына ризашылығын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан ішкі және сыртқы саясатта дінаралық, сондай-ақ мәдениетаралық келісімді сақтауға ерекше мән береді. Президент 22 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылатын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі осының айқын көрінісі екенін атап өтті. Сонымен қатар ортақ күш-жігердің арқасында Қазақстанның бастамасы жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға зор ықпал ететінін айтты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстан мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы ынтымақтастық одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді. Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы Астанадағы дәстүрлі съезді адамгершілік құндылықтарын дәріптейтін ерекше пікір алмасу алаңы ретінде жоғары бағалап, еліміздің өсіп-өркендей беруіне тілектес екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы әлемдегі конфессияаралық келісімді нығайтуға және ислам өркениетін кеңінен танытуға қосқан елеулі үлесі үшін Мұхаммед бен Абдулкарим Әл-Исаны I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары қаралды.

Премьер-министр Мемлекет басшысы Жолдауда елімізді дамудың жаңа деңгейіне көтеру үшін жүйелі іс-шаралар кешенін қабылдауды тапсырғанын атап өтті. Үкіметтің алдына экономикаға, агросекторға және логистика мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына цифрлық шешімдер мен жасанды интеллектіні енгізу бойынша нақты міндеттер қойылды.

«Біз Президенттің инвестициялық ахуалды жақсарту, негізгі салаларды жаңғырту, мемлекеттің тиімділігін арттыру және мұқтаж адамдарды әлеуметтік қамсыздандыруға бағытталған стратегиялық бастамаларын іске асыру үшін нәтижелі іс-шаралар қабылдаймыз. Жаппай цифрлық трансформация, экономиканы жаңғырту және адам капиталын нығайту арқылы еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуіміз қажет. Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары алға қойылған барлық міндеттерге сай келеді. Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары жоспардағы іс-шаралардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Барлық қаржыландыру мәселелерін шұғыл шешу қажет» деп атап өтті Олжас Бектенов. Дауыс беру барысында жалпыұлттық жоспар жобасы бірауыздан қолдау тапты. Ұлттық экономика министрлігіне Үкімет Аппаратымен бірлесіп, Мемлекет басшысының тиісті Жарлығының жобасын Президент Әкімшілігіне енгізу тапсырылды. Премьер-министрдің орынбасарлары ережелерге сәйкес Жоспардың жүзеге асырылуын бақылауды және үйлестіруді қамтамасыз етеді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылы 25 қыркүйек сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Елорданың кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін жаңғырту: кадрларды нысаналы даярлау, колледждерде білім беру сапасын арттыру үшін KPI енгізу.
2. Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
3. Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы.
4. Астана қаласының коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы.
5. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
6. «Астана қаласы әкімдігінің жанынан тұрғын үй қорын реновациялау жобасын іске асыру жөніндегі комиссияны құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 13 қарашадағы № 234/29-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
7. Қалалық мәслихат сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.
8. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

№109 (4853) 16/09/2025 Сейсенбі

БАС ҚАЛАДА ЭКОАЙЛЫҚ БАСТАЛДЫ

Өткен сенбіде елордада дәстүрлі экологиялық айлық – «Таза Қазақстан: Таза Астана» басталды. Бұл іс-шара «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты ауқымды акция аясында өтетін болады.



Іс-шараға 25 мыңнан астам қала тұрғыны, еңбек ұжымдары, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, бизнес өкілдері, спорт және мәдениет қайраткерлері, қоғам белсенділері, мәслихат депутаттары, сондай-ақ МИБ (ПИК) және өзге де ұйымдар қатысты. Сондай-ақ мектеп оқушылары мен студенттер де тазалық акциясына қолғабыс тигізді.

Эко-сенбілік барысында 86 тоннадан астам қоқыс жиналып, мыңнан аса жасыл желек отырғызылды.

Акция аясында қалада санитарлық тазалау жүргізіліп, нөсер және арық желілері жуылды, көшелер мен тротуарлар, аулаішілік аумақтар тазартылды. Бұған қоса, аулалар абаттандырылып, балалар ойын және спорт алаңдары орнатылды, қоғамдық кеңістіктердегі тасжолдар, жиектастар мен шағын сәулет нысандары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар жасыл желектерді күтіп-баптау мен отырғызудың маусымдық агротехникалық жұмыстары атқарылды, сауда нысандарының маңайы ретке келтірілді, заңсыз қоқыс орындары жойылды.

Экоакцияның негізгі мақсаты – қала көшелерінің тазалығын сақтауға қоғам назарын аудару және экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Айта кетейік, елордада экологиялық айлық 13 қыркүйектен 11 қазанға дейін жалғасады. Қала көшелері мен аулаларын абаттандыруға кез келген тұрғын мен ұйым өз үлесін қоса алады.

АЛҒЫ ШЕПТЕГІ ДӘРІГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада Санитариялық-эпидемиологиялық қызметкерлер күніне арналған жиында халық денсаулығын қорғауға өлшеусіз үлес қосқан үздік мамандар мен ардагерлер құрметке бөленді. Мерекелік рәсімге ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, мемлекеттік органдардың өкілдері, аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері және санитариялық қызмет ардагерлері қатысты.



Шара барысында санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі, сондай-ақ халық денсаулығын қорғаудағы маңызды рөлі кеңінен атап өтілді. Әсіресе, COVID-19 пандемиясы кезеңінде санитариялық-эпидемиологиялық сала мамандарының атқарған еңбегі ерекше. Олар алғашқылардың бірі болып алғы шепке шығып, індетке қарсы кешенді іс-шараларды ұйымдастырды, нысандардың санитариялық жағдайына қадағалау жүргізді, халықты дер кезінде ақпараттандыруды қамтамасыз етті.

Бүгінде санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің міндеттері кең ауқымды қамтиды. Жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу, ауыз су мен тағам өнімдерінің сапасын бақылау, қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – олардың күнделікті жұмысының бір бөлігі ғана. Сонымен қатар эпидемиологиялық қадағалау, санитариялық-ағарту іс-шаралары және халық арасында гигиеналық дағдыларды қалыптастыру да басты басымдықтар қатарында.

Салтанатты шарада халық денсаулығы жолында көп жылдар бойы аянбай еңбек еткен мамандарға құрмет көрсетілді. Барлығы 400-ден астам санитариялық-эпидемиологиялық қызметкерлер мен ардагерлер мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды.

ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛАҒА ҚАЛАЙ АЙНАЛАМЫЗ?

Астанада нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Есірткісіз елорда» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Кешенді жоспар жастармен қатар ересектерге психобелсенді заттарды қолданудың салдарын, есірткіден аулақ болуды түсіндірумен маңызды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Олжас Амангелдінің айтуынша, ақпараттандыру деңгейін, нашақорлық проблемасына көзқарасты және профилактикалық жұмысқа қажеттілікті анықтау мақсатында 1 000 жасөспірім мен жас азамат арасында сауалнама жүргізіліп, өмірдің қиын кезеңдерін бастан кешіріп жүрген жас буын өкілдерімен 10 терең сұхбат жазылды.

– Жобада көрнекі және көркем коммуникацияға ерекше назар аударылады. Шығармашылық бастамаларды іске асыру шеңберінде көше арт-объектілерін құру үшін аэрозоль бояулары сатып алынды. Жобаның негізгі бағыттарының бірі – интернет-кеңістіктің цифрлық мониторингін іске асыру болды. Осы жұмыс шеңберінде есірткі контенті бар 1000-нан астам интернет-сілтеме жүйелі түрде анықталып, олардың жұмысына талдау жүргізілді. Анықталған материалдар «КиберНаркоРеестр» мамандандырылған базасына енгізілді және кейіннен бұғаттау үшін уәкілетті органдарға жіберілді, бұл желіде тыйым салынған ақпараттың қолжетімділігін төмендетуге ықпал етеді, – деді маман.

Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу бойынша еріктілер қызметі белсенді дамып келеді. Олар ай сайын қалалық еріктілер штабы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасымен бірлесіп бейнебақылау жүйесімен қамтылмаған жерлерде есірткі жарнамаларын бояу бойынша акциялар өткізеді. Ағымдағы жылдың басынан бастап елордадағы алты ауданда осындай 20-ға жуық іс-шара өткізіліп, тыйым салынған заттардың жарнамасы бар 50-ге жуық жазба жойылды. Жыл соңына дейін 100 есірткі граффитиін жою мақсатында тағы 30 іс-шара өткізу жоспарлануда. Бұл ретте ақпараттық жұмысқа ерекше назар аударылып, есірткінің зияны және тәуелділіктің алдын алу әдістері туралы мәліметтерді қамтитын 8 000 ақпараттық-ағарту буклеттерін тарату көзделіп отыр.

Астана қаласындағы №2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы – елордадағы 18 жасқа дейінгі балаларға мамандандырылған хирургиялық көмек көрсететін жалғыз медициналық ұйым. Мұнда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында кең ауқымды қызмет түрлері ұсынылады.

БІРЕГЕЙ ДЕНСАУЛЫҚ ОРДАСЫ

Гүлмира ШАРХАНҚЫЗЫ

Аурухана базасында оториноларингология, нейрохирургия, ортопедия бағыттары бойынша күрделі әрі жоғары технологиялы операциялар жасалады. Мұндай емдеу түрлері мультидисциплинарлық дәрігерлер тобын және заманауи жабдықтар мен инновациялық әдістерді қажет етеді. Құны миллиондаған теңгені құрайтын бұл операциялар балалар үшін тегін.

Мәселен, балаларға есту қабілетін қайтаратын ең озық әдістердің бірі – кохлеарлы имплантация. 2024 жылы ауруханада 108 операция жасалып, құны шамамен 827 миллион теңгені құраған. Ал соңғы 7 ай ішінде 68 ота жасалып, жалпы сомасы 536 миллион теңгеден асты.

Нейрохирургия саласына келсек, бас сүйек жарақаттары, ісіктер мен туа біткен патологияларда қолданылатын арнайы пластиналар арқылы күрделі операциялар жасалады. Бұл оталар аса жоғары дәлдікті, дәрігерлердің бірегей біліктілігін және қымбат жабдықты қажет етеді. 2024 жылы мұнда 39 ота (68 млн теңге), ал 2025 жылдың алғашқы 7 айында 21 ота (38 млн теңге) жасалды. Сондай-ақ ми ісіктерінде нейронавигация мен нейромониторинг әдістері де қолданылады.

2024 жылдың соңында ауруханада жаңа қызмет – жамбас буынын эндопротездеу енгізілді. Алғашқы отаның құны 4,6 млн теңге болды. 2025 жылы да бұл бағыт жалғасын тауып отыр.

«Биыл жамбас буынын алмастыру бойынша 7 операция жасадық. Бұл үшін қор бізге протездер сатып әперді. Ал емнің құнын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры өтеді. Балалар ортопедиясында ең қымбат бағыт – онкопротездеу, оны Денсаулық сақтау министрлігі қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, құны шамамен 800 мың теңге тұратын микрохирургиялық операциялар да жасаймыз. Жыл соңына дейін тағы үш жамбас буынын ауыстыру отасы жоспарланған» дейді Ортопедия бөлімінің меңгерушісі Ағабек Чикинаев.

Айта кетейік, №2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасына медициналық көмек беру үшін еліміздің барлық өңірлерінен келген балаларды қабылдайды.

ЭНЕРГЕТИКА МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Астанада «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру мәселелері бойынша семинар-кеңес өтті. «Астана - Аймақтық электр желілік компаниясы» АҚ-да өткен іс-шара барысында қатысушыларға ұлттық жобаны іске асырудың негізгі бағыттары бойынша түсініктеме берілді.



Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шараға мемлекеттік органдардың, әкімдіктердің, бизнес-қоғамдастықтың және қаржы институттарының өкілдері қатысты. Талқылау барысында мемлекеттік қолдау шаралары мен инфрақұрылымды жаңғыртуды қаржыландыру тетіктерін қоса алғанда ұлттық жобаның басым бағыттары таныстырылды.

2025-2029 жылдар аралығына елорда үшін 73,09 млрд теңге көлемінде инвестиция қарастырылған. Қаражат жылу, кәріз желілерін, су құбырын салуға және реконструкциялауға бағытталады. «Астана-Теплотранзит» АҚ 10 км-ден астам жылу желілерін салу, реконструкциялау және жабдықтарды жаңғырту бойынша жобаларды іске асыруда. «Астана су арнасы» кәсіпорыны 52 км-ден астам сумен жабдықтау және су бұру желілерін жаңартумен айналысады. Бұдан басқа 2025-2026 жылдарға 31,51 млрд теңге салу жоспарланған.

– Жалпы елорда бойынша инженерлік желілер өзге өңірлермен салыстырғанда біршама жақсы жағдайда. Жылу энергия желілері бойынша тозу деңгейі – 53 пайыз, оны 2029 жылға дейін 51 пайызға төмендету жоспарлануда. Ал сумен жабдықтау желілері бойынша тозу деңгейі 41 пайыз болса, оны аталған уақыт ішінде 32 пайызға төмендету, су бұру желілерінің қазіргі 40 пайыз тозу деңгейін 4 жылда 32 пайызға түсіру көзделуде. 2026 жылға жылумен қамту, сумен жабдықтау және су бұру желілерін жөндеуге 14,34 млрд теңге салып, барлығы 79,3 км желіні жөндеу жоспарда бар, – деді ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының орынбасары Қанат Құлназаров.

№109 (4853) 16/09/2025 Сейсенбі

ӨҢІРЛЕР ДАМЫМАЙ, ЕЛОРДАҒА КӨШ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жаңа Жолдауында елімізде ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің бақылаусыз қалғанынан жұрттың бәрі тұрғысы келетін ірі қалаларға ағылғанын, соның салдарынан қазір сол қалалардың инфрақұрылымына орасан салмақ түсіп отырғанын атап өтті. Айқын мысал ретінде Астананы келтірді. Елордада халықтың белсенді өсуі байқалады. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, осы жылдың бірінші жартыжылдығында бас қала тұрғындары қатарына 36 821 адам қосылған. Басқа қалалармен салыстырғанда, бұл әлдеқайда көп. «Неге?» деген сұрақ өзінен-өзі туындайды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Президент Жолдауда соңғы үш жылдың өзінде елорда тұрғындарының саны 250 мыңнан астам адамға, соның ішінде былтыр 100 мың тұрғынға көбейгенін айтты. Биылғы өсім онсыз да жоғары саналатын осы көрсеткіштен асып түсуі мүмкіндігін атап өтті. Елордада халық саны ресми түрде 1,5 миллион адам болғанымен, оның инфрақұрылымы іс жүзінде күн сайын 1,9 миллион адамға қызмет көрсететініне, басқаша айтқанда, Астана 400 мыңнан астам адамға, яғни халық саны бойынша орташа қала саналатын тағы бір шаһардың тұрғындарына пара-пар жұртқа ешқандай жоба-жоспарсыз қызмет етіп жатқанына тоқталды. Сол себептен қаланы сумен және жылумен қамтамасыз ететін жүйелердің үздіксіз жұмысына қауіп төніп тұрғанын жасырмады. Әрине, Астана – ел жүрегі, бас қаламыз болған соң жұрттың елорда тұрғыны атанғысы келетіні түсінікті. Әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жақтары да бар. Халқымыз «Арқа қысы жайлы болса, арқар ауып несі бар?» дейді. Адамдарды Астанаға көшіп келуге әртүрлі жағдайлар итермелейді. Соның бірі – тұрып жатқан өңірінде лайықты жұмыстың болмауы немесе жалақының аздығы. Денсаулық жағдайы да бар. Жұртпен араласқанда «Елордаға балалардың болашағы үшін көшіп келдік» деген сөзді жиі естиміз. Рас, бас қалада балалардың дамуына біраз жағдайлар жасалған. Түрлі орталықтар, кейбір өңірлерде жоқ үйірмелер мен спорт секциялары жұмыс істейді. Бүгінде аутизмге шалдыққан балалар саны көбейіп тұр. Бауыр еті – баланы қатарға қосамыз деп көшіп келгендерді де көрдік. Мәселен, аздаған уақыт бір жігітпен бірге жұмыс істедік. Ол Әулие ата өңірінен елордаға сондай дертке шалдыққан ұлын емдетемін деп көшіп келген еді. Қазір туған жеріне қайтадан кетіп, арасында емді жалғастыруға ұзақ уақытқа елордаға келіп тұрады.

Мемлекет басшысы жұрттың өңірлерден ел астанасына не себепті тоқтаусыз көшіп жатқанына мұқият талдау жүргізуді, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тартымды басқа да орталықтар құруға арналған кешенді шаралар қабылдауға тапсырма берді. Бір анық нәрсе, халықтың Астанаға көшу қарқынын бәсеңдету үшін өңірлерді жан-жақты дамыту керек.

«Өңірлерде фабрика, зауыттар салып, тұрақты жұмыс орнын ашып, жоғары жалақы төлеу керек. Шекаралық, экологиялық аймақтарға жоғары коэфицент қосу қажет. Тұрғын үй жұмыс орнынан тегін берілетіндей етіп, жұмысшылар құқын тәуелсіз кәсіподақ қорғайтын болу керек. Сұранысқа ие оқу орындарын өңірлерден ашып, оқу бітіргесін жұмыспен қамту қажет. Сонда тұрақтылық орнайды, көшу тоқтайды» дейді әлеуметтік желі қолданушы Шекербек Оспанов.

Бұл сөздің жаны бар. Адамға өмір сүру үшін ең алдымен жұмыс керектігі бәріне белгілі. Ал кейбір өңірлерде адамға өзінің мамандығына сай жұмыс табыла қоймайды. Содан ол не істейді, Астана сияқты үлкен қалаға келеді. Сосын сұранысқа сай жұмыстар да болып жатады. Мәселен, елорда құрылысы басталғанда, көп адам осы жаққа қарай ағылып, құрылыста жұмыс істеді. Бас қаланы салу әлі де жалғасып жатыр. Сондықтан нәпақа табу мақсатымен қазір де келушілер саны аз емес.

Президент «Кейбір облыс әкімдері корпоративті салықтан түскен қаражатты көше бойындағы тас тақтайшалар салу сияқты тиімсіз жобаларға шашудан әріге бармайды. Әрине, содан соң жұрт әлеуметтік қызметтері мен жеңілдіктері бар Астанаға қарай ағылады. Мұндай ахуал күрделі мәселелер туындауына әкеп соқтырады. Қалада әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы жандардың саны бірнеше есе артқан, әлеуметтік қолдауға арналған шығындар да бюджет кірісінен жылдамырақ өсіп жатыр. Ал әлеуметтік міндеттемелердің үлесі тым артып барады» деді.

Мемлекет басшысының мәліметінше, Астанада 2022 жылдан бері мұқтаж жандарға 7 мыңға жуық пәтер, соның ішінде көпбалалы отбасыларға 1380, жетім балаларға 835, ерекше қажеттілігі бар адамдарға 665 пәтер берілді. Түрлі санаттағы азаматтар баспанаға ие боламыз деп елордаға көшіп келеді. Мәселен, қазір Астанада 40 мыңға жуық адам пәтер кезегінде тұр. Соның 10 мыңға жуығы – жетім балалар мен көпбалалы отбасылар санатына жататын азаматтар.

«Әкімдік қаланың қарқынды дамуына жағдай жасаудың орнына әлеуметтік шығындарға қыруар қаржы жұмсауға мәжбүр. Оның қала бюджетіндегі үлесі қазірдің өзінде 60 пайызға жеткен. Бұл ахуалды түзеу үшін түбегейлі шаралар қабылдау қажет» деді Президент елорда туралы. Соның ішінде мектеп инфрақұрылымы қазірдің өзінде шамадан тыс жұмыс істеп, шатқаяқтап тұрғанын, жыл сайын 15 мектепке дейін салу қажеттігі туындап жатқанын, емханалардың жүктемесі өте көп, онда орын тапшы екенін атап өтті. Ал бас қала тұрғындарының көптігінен автобустар жолаушыларға толып жүретінін, әсіресе, таңертең жұмысқа баратын уақытта және кешке қайтатын кезде адам сығылысып тұратынын, жолдардағы кептелісті күнде көріп жүрміз.

Ауыл десе, бәріміз алаңдаймыз. Көптеген ауыл азып-тозғаны жасырын емес. Парламент Мәжілісінің депутаты Ерболат Саурықовтың мәліметінше, соңғы 20 жылда елімізде 1400-ден астам ауыл жабылды, тағы 500 ауыл «болашағы жоқ» деп танылды.

«Бұл – қауіпті үрдіс. Әр ауыл – тарих пен мәдениеттің ізі. Ауылда жастарды ұстап қалу үшін бірінші кезекте қолжетімді тұрғын үй керек. Екіншіден, салықтық жеңілдіктер қарастырылып, ауылда арнайы экономикалық режим енгізілуі тиіс. Үшіншіден, «Дипломмен ауылға» бағдарламасын күшейту қажет. Ең алдымен, ұлттық деңгейде арнайы бағдарлама қабылдануы қажет. Ауылға келетін кәсіпкерлерге қаладағыдан артық жағдай жасалуы керек. Жол, су, электр, интернетсіз инфрақұрылым дамымайды. Урбанизация – заман талабы, алайда ауылдарды ұмытпау керек» дейді депутат.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындары қатты азайғаны рас. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне жүгінсек, осы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қала халқы 12 926 078 адамды, ауыл халқы 7 481 766 адамды құрайды. Осы орайда «Ауылдан біздің неге көшеді?» деген белгілі ән сөздері еске түседі. Ал халыққа жақпаған ауа райы емес, басқа біз жоғарыда атап өткен себептер.

Мемлекет басшысы «Үкімет ел ішіндегі және шетелдегі көші-қон ағымының есебін жүргізетін бірыңғай цифрлық жүйе енгізуге тиіс» деді. Өте дұрыс деп есептейміз. Өңірлер дамымай, елордаға көш бәсеңдемейді.



Бауыржан СМАЙЫЛОВ,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жаңа Жолдауында ел дамуының стратегиялық басымдықтарын айқындады.

Президент экономиканы цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу арқылы жаңғырту бағытын көрсетті. Инвесторларға салықтық және әкімшілік жеңілдіктер беруді қоса алғанда, инвестиция тартуға ерекше назар аударылды. Ұлттық қор қаражатын озық технологияларды дамытуға ұтымды пайдалану қажеттілігі айрықша атап өтілді.

Маңызды бастамалардың бірі – екінші деңгейлі банктердің нақты секторды несиелеудегі рөлін күшейту. Осыған байланысты банктер және банк қызметі туралы заңға өзгерістер енгізу тапсырылды. Сондай-ақ цифрлық теңге мен криптовалютаны белсенді дамыту қажеттігі айтылды.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін агроөнеркәсіп кешенінде жасанды интеллектіні қолдануға ерекше көңіл бөлінді. Бұл фермерлер, IT-компаниялар мен стартаптар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Тасымал-логистикалық әлеуетті, тарифтік саясатты және туризмді дамыту өңірлердің өсу факторлары ретінде қарастырылды. ТКШ-ны жаңғырту, ауыз суға ұқыпты қарау және оның тұтынуын нақты есепке алу қажеттілігі ерекше атап өтілді.

Ішкі көші-қон мәселесіне де назар аударылды. Астана қаласына жыл сайын 100 мыңнан астам адам қоныс аударуда. Бұл өңірлерді кешенді дамытуға, әсіресе жұмыс орындарын құруға, қолжетімді білім мен медицинаны қамтамасыз етуге, жайлы қалалық орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Жолдаудың соңында Президент маңызды саяси реформаны ұсынды. Соның бірі – бір палаталы Парламентке көшу. 2027 жылы Конституцияға өзгерістер енгізу жөнінде референдум өткізу жоспарланып отыр. Осыған дейін кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілмек. Бұл әрбір азаматтың қатысуын талап ететін аса маңызды қадам деп санаймын.



Жаңалық САҒАНДЫҚОВ,
ШЖҚ «№11 қалалық емхана» МКК директоры:

ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ӨМІР САПАСЫ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге ерекше басымдық берді. Бұл Жолдау елдің медициналық инфрақұрылымын дамыту, алғашқы медициналық көмекті күшейту, цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу, отандық фармацевтиканы қолдау секілді маңызды бастамаларды қамтиды. Бұл ретте біздің ұжым Жолдаудағы барлық міндеттерді қолдап, оларды іске асыру бағытында нақты шаралар қабылдап келеді. Біздің емханада халыққа медициналық көмектің қолжетімділікті арттыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Биыл, мамыр айынан бастап кеңейтілген мейіргерлер қабылдауы ашылып, диспансерлі есепте тұрған науқастарға динамикалық бақылау жұмысы күшейтілді және тегін дәрі-дәрмекпен уақытылы қамтамасыз ету мәселесін шешуде учаскелік дәрігермен қатар жоғары білімі бар мейіргерлер өз қабылдауларында жазуға мүмкіндік алды. Егде жастағы, жүкті әйелдер мен балаларға үйге барып қызмет көрсету кеңейтілді, яғни патронаждық мейіргерлердің, әлеуметтік қызметкерлердің, психологтардың жұмыстары жаңа форматта жұмыс істей бастады. Қосымша цереброваскулярлық аурулар бойынша динамикалық байқауда тұрмаған ерлер арасында жіті ми қанайналым бұзылуының даму қаупін ерте анықтау скрининг түрі қосылып, скринингтер көлемі ұлғайтылды.

Президент ауылдық денсаулық сақтау нысандарын жаңғырту мен жаңа медициналық мекемелер салу туралы нақты тапсырма берді. Мемлекет тарапынан емханаға стоматологиялық қондырғы, ультрадыбыстық зерттеу және ана мен ұрықтың жағдайын бақылау аппараттары сияқты жаңа медициналық жабдықтар сатып алынуда. Бұл – халыққа сапалы әрі уақытылы медициналық көмек көрсетуге ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Халықтың сұранысын ескере отырып, күндізгі стационар мен қалпына келтіру бөлімінің қуаты арттырылды.

Жолдауда цифрландыруға ерекше назар аударылды. Бүгінгі таңда медициналық құжаттардың барлығы цифрландырылып, пациенттердің электрондық денсаулық паспорттары толық электронды түрде жүргізіледі. Науқастар «Даму-мед» медициналық ақпараттық жүйенің мобильдік қосымшасы арқылы дәрігерге онлайн жазылып, нәтижелерін бақылай алады. Жолдауда жаңа мониторинг жүйесін жасап, сапаға бағытталған жұмыс жүргізу керектігі айтылды. Емханада пациенттермен кері байланыс орнату үшін QR-код арқылы бағалау жүйесі енгізілген, бағалау нәтижелері арқылы емхана жұмыстары жақсартылады. Ішкі аудит пен сапа менеджменті жүйесі жаңартылып, медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру тұрақты жүргізілуде. Клиникалық протоколдар мен стандарттарға сәйкестік қатаң бақыланады. Ағымдағы жылдың маусым айынан бастап халыққа көрсетілген қызметтің сапасын анықтау мақсатында халыққа міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жасанды интелектің қызметі арқылы тексерістер жүргізеді.

Мемлекет басшысы айтқандай, дәрілік заттардың қолжетімділігін арттырып, отандық өндірісті дамыту қажеттігі бағытындағы міндеттер емхананың күнделікті жұмысында өз көрінісін тауып отыр. Мысалы, халықты сапалы және қауіпсіз дәрілік заттармен қамтамасыз ету мақсатында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды дұрыс таңбалау 2025 жылдан бастап енгізілді. Мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында тегін берілетін дәрілердің саны артуда. Президент бастамаларын толық қолдай отырып, емхана ұжымы өз жұмысын жаңа деңгейге көтеруге күш жұмылдырып келеді. Азаматтардың денсаулығы мен өмір сапасын жақсарту – біздің басты мақсатымыз.



ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ СЫРЫ – ҰЛТТЫҚ ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕДЕ

Ғаламторда дұрыс тамақтану туралы сан түрлі кеңестер тым көп. Бірі «ананы ішуге болмайды, мынаны жеу зиян» десе, екіншісі оны жоққа шығарады. Сол сұрақтарды денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Астанадағы ҚР Президентінің Іс Басқармасы медицина орталығы ауруханасының бас гастроэнтеролог маманы, «Гастроэнтерология және гепатология» орталығының жетекшісі Биімбетов Бақытжан Рысқұлұлына қойып, нақты жауаптар алдық.

Профессор елімізде асқазан-ішек ауруларының асқынуы және одан сақтану жолдары, сонымен қатар өзі зерттеп жүрген қымыз бен бие сүтінің (саумал) адам ағзасына пайдасы туралы да айтып берді.

КҮНБАҒЫС МАЙЫНЫҢ ҚАУПІ НЕДЕ?

– Дұрыс тамақтану бойынша түрлі ақпараттар тарататын блогер кеңесшілер көбейді. Солардың айтқаны қаншалықты дұрыс? Мәселен, күнделікті пайдаланатын күнбағыс майы тамақтардың ішінде ең зияны дейді, ол шынымен зиян болса неге біздің нарықта сатылады?

– Қазір кім не айтқысы келсе де мінберге шығып сөйлеу оңай болып кетті. Олардың сөзінің бәрін дұрыс екен деп қабылдау жөн емес, ең бастысы, ол кім, медициналық мамандығы, ғылыми дәрежесі бар ма, соған қарау керек. Ал күнбағыс майына келсе, бұл – тұрмыста көп қолданатын майдың бірі. Біріншіден, оны қалай жасап шығарады? «Рафинация» деген процесс бар, құты сыртында «рафинированное масло» деп жазулы тұрады ғой, сол «рафинация» процесі көп жағдайда жанар майды қолданумен, яғни майды тазарту және тұшыту үшін мұнай өнімдерінің қосылуымен жасалады. Сондықтан осы мәселеге көңіл бөлген дұрыс, көбіне рафинадталмаған өсімдік майын пайдаланған жөн. Біздің бала кезімізде дүкенде тек рафинадталмаған май ғана болатын. Есіңізде болса, әжелеріміз қызып тұрған майға пияз салып, оны қатты қуырып, күйдіретін. Содан майдың иісі кететін. Екінші мәселе, көп жағдайда, әсіресе қоғамдық тамақтану орындарында, қайнатылған майды қайта-қайта қолданып, бауырсақ қуырған майға тағы басқа тамақтар пісіреді. Ол май бірнеше рет қайнай берген соң құрамында адам ағзасына зиянды концерогенді заттар бөлінеді. Адам ағзасына зиян болса да нарықта ондай тағамдар сатыла береді. Себебі біз қазір капитализм дәуірінде өмір сүріп жатырмыз, яғни капитализмнің қозғаушы күші – кәсіпкерлер. Олар неге сұраныс бар – соны сатады. Қаржы жүрген жерде сұраныс болса, сенің денсаулығыңа зиян ба, зиян емес пе, қарамайды. Сондықтан әр адам өзі саналы болып, ізденіп барып тағамды тұтынуы керек.

ШАЙ-СУДЫ ҚАЛАЙ ІШЕМІЗ?

– Шай ішудің, ақ нан жеудің зияны туралы да көп естиміз. Өмір бойы нанды қадірлеп келіп, неге аяқ астынан одан бас тарту керек?

– Шайды да, нанды да өз мөлшерімен қолдану керек. Мысалы, шайды көп ішкенде оның құрамындағы кофеин жүректің қатты соғуына, ұйқының қашуына, қобалжуға әкелуі мүмкін. Оның құрамында «тонин» деген де зат бар, көп ішкенде тамақтағы темірді өзімен байланыстырып, оның сіңірілуін тежейді. Бұл анемияға алып келуі мүмкін. Ал ащы қою шай магнийдің сіңуін тежейді, сөйтіп ол жүйкеге, бас ауруына алып келеді. Қатты ыстық шай ішу асқазан шырышты қабатын тітіркендіріп, өңешті күйдіреді. Қазір шайдың түрлері көп, бірақ сапасы дұрыс емес. Ең жақсысы – жапырақты шай. Пакеттелген шайлардың іші толған қоқым, ең соңғы үшінші сорттық қалдықтардан жасалады, бұған үйір бола бермеу керек.

Ақ нанға келсек, оның да зиян екені рас, себебі оның гликемиялық индексі өте жоғары. Оның құрамындағы көмірсу көп мөлшерде қолданғанда қантқа айналып кетеді, нәтижесінде бұл салмақ қосуға, диабетке алып келуі мүмкін. Көбіне қара нан жеген дұрыс, «цельно зерновой», яғни рафинатталмаған ұннан жасалған нан.

Қазір артық салмағы бар адамдар көбейіп барады, бұл – өте қауіпті жағдай! Семіз адамдарда метаболизм синдромы пайда болады, нәтижесінде қант диабеті мен оның асқынуы, жүрек қан-тамыр аурулары көбеюде.

Су ағзаға өте қажет, адам денесі 70-90% судан тұрады. Бірақ қазіргілер айтып жүргендей суды бірден көп мөлшерде ішудің қажеті жоқ, аз-аздан ұрттап, тамақтың алдында 30 минут бұрын немесе тамақ ішкеннен кейін 2 сағаттан соң ішкен дұрыс. Тамақтың алдында ішкенде асқорытуды жақсартады, көп тамақ ішпеуге септік етеді. Ал тамақтан кейін бірден су ішер болса, асқорыту сөлінен бөлінетін тұз қышқылының концентрациясын азайтады, жеген ет те дұрыс қорытылмай қалады. Су ішу керек екен деп, 2 литрге дейін су ішу дегенге қарсымын. Ең дұрысы, ағзаны тыңдау, шөлдеп тұрған кезде ішу керек. Судың температурасы бөлме температурасымен сай болғаны жөн.



– Өзіңіз қалай тамақтанасыз? Үш мезгіл тамақ мәзіріңізді айтып берсеңіз?

– Қазір диетология саласында «иммунодиетология» деген бағыт пайда болды, яғни ішкен тағам иммундық тұрғыда ағзаға сәйкес келе ме, келмей ме деген мәселе. Бүгінде шекараның бәрі ашық, әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі заттар келіп жатыр. Оның ішінде теңіз тағамдары да, кофеден бастап какао, басқа да ата-бабаларымыз жемеген тағамдар көп келуде. Менің айтарым, ұлттық иммундық жүйеге сай тамақтану керек, бұл дегеніміз – ата-бабаларымыз соңғы жүз жылда қандай тағам пайдаланды, соны пайдаланған абзал. Ал кофе, какао және басқа жат тағамдар біздің иммундық жүйеге күш түсіруде, біздің ағзамыз оларды бөгде зат ретінде қабылдап, оны ағзадан шығарып тастауға, оған антидене түзу бағытында орасан зор күш жұмсайды. Нәтижесінде иммундық жүйе әлсірей бастайды да, иммун тапшылығы пайда болады. Сондықтан біздің ұлтымызға, тарихымызға жат тағамдарды шектеген дұрыс.

Өзім таңертең айранға бұқтырылған тары ғана жеймін. Жұмысқа келген соң 1-2 кесе шай ішуім мүмкін. Тамақты көп ішуден сақтанамын. Түскі аста тек екінші тағамды жеп, біраз уақыттан соң шай ішемін. Түстен кейін кешкі асқа дейінгі аралықта тіске басар ретінде жеміс-жидек, көкөністер жеймін. Шай ішсем де қантсыз, кепкен жемістермен, өрік-мейізбен ішемін, анда-санда бал жеймін. Варенье, қант дегенді мүлдем қолданбаймын. Жасы келген адамдар қант пен тұзды мүлдем азайту керек. Алма, өрік, шабдалы, көкөністер, көк шөптерді көбірек пайдаланған пайдалы. Кешкі тағамды аз ішемін, кейде ішпеймін, қауын-қарбыз жеп аяқтаймын. Жатарда қымыз ішіп жатамын. Күніне 1-2 стақан қымыз ішу – мен үшін өзгермейтін қағида. Соңғы кезде жиі айтып жүргенімдей, «Қымыз ішпеген күн – зая кеткен күн!».

– Қымыз тақырыбын зерттеуші ретінде айтсаңыз, бұл тағамды ел ішінде кеңінен пайдалануда қандай кедергілер бар?

– Отыз жылдан аса саумал мен қымыз, шұбаттың ағзаға пайдалы қасиеттерін зерттеп жүрмін. Бұл – үлкен өзекті тақырып. Себебі кейінгі кезде жалпы медицина саласы ауруды емдеуге көп көңіл бөліп кетті де, профилактика жағы әлсіреді. Алдын алу деген сөз – ішкен тағам мен оның сапасы, дене белсенділігі, таза ой, таза ауа деген сияқты сауықтыру мәселелері. Осы ретте бие сүті мен қымыз, шұбаттың әлеуеті зор, соны бізге ұмыттырды. Медициналық жоғары оқу орындарында қымыз бен саумалдың, түйе сүті мен шұбаттың ем-шипалық қасиеттері жөніндегі ақпараттар оқу бағдарламасында жоқ. Нәтижесінде дәрігерлер бұл жөнінде бейхабар болып шығады.

Екіншіден, бие сүті өзі тез ашып кететін сусын, ол 2-3 сағаттан кейін жарамсыз болып қалады. Біреудің жағдайы бар, біреудің жағдайы жоқ, бар болса да айлап іше алмайды. Осы мәселені шешу үшін елімізде 2014 жылдан бастап неміс технологиясы бойынша құрғақ пастерленген бие сүтін шығару қолға алынды. Бұл табиғи сүтке барынша жақын, яғни 85-90% жақын деп қорытынды жасап жатырмыз. Оған жылы су құйып ерітіп, іше берсе болады. Соны зерттеп, бірнеше гранттар ұтып алып, ғылыми жұмыстар жүргізудеміз. Ол туралы шетелдік, отандық басылымдарда мақалалар шығарылды, патенттер мен монографиялар жарық көрді, халықаралық конференциялар мен семинарлар өткізілді. Ұлттық сусындардың әлеуетін халыққа, медицинаға кеңінен жеткізу мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Қымызды кеңінен қолдану жылқы өсіруге, ауылшаруашылығына, жем-шөпке, табиғат жағдайына тікелей байланысты. Қазір жайылым мәселесі қиын, жердің бәрі жекешеленіп кеткен. Жылқы жем-шөп көп жейтін жануар, оның шығыны деген шаш етектен. Ебін тауып жатқандар бар. Солар жылқыны тек етке ғана емес, сүт бағытында пайдаланғаны жөн. «Әр саналы азамат, әр әкім, жылқы етін жей бермей, оны көбейтіп, қымызбен елдің сусынын қандырса, халықтың 99%-ның денсаулығы жақсарар еді» деген болатын Шерхан Мұртаза ағамыз. Жылқыны тек ет ретінде ғана пайдаланбай, сауын мал ретінде де пайдаланған тиімді екенін білу керек. Әр қазақстандық күніне кемінде 1 кесе қымыз ішетіндей жағдайға жетсек, ұлт саулығы сонда қалыптасады.

АСҚАЗАН ОБЫРЫ – АСТАН

– Қазір асқазан және тағы басқа қауіпті аурулардың пайда болуына дұрыс тамақтанбаудың қандай әсері бар?

– Асқазан ауруларының пайда болуына дұрыс тамақтанбаудың тікелей қатысы бар. Адамның денінің сау болуы 70% тамақтануына байланысты. Бұл – өте үлкен көрсеткіш. Біз дүниеге 3,5-4,0 кг болып келеміз де, ішіп-жеген тағамның арқасында 70-80 келіге дейін жетеміз, яғни тамақ – біздің құрамдас бөлігіміз деген сөз. Адам ағзасын күтіп ұстаса, 120-130 жылға дейін өмір сүруге мүмкіндігі бар. Ал біз дұрыс тамақтанбай сол өмірді қысқартамыз, өміріміздің соңын дәрі ішумен өткіземіз. Сондықтан профилактикаға, алдын алу шараларына, салауатты өмір салтын ұстануға аса мән беру керек, сол бағытта әрекет жасау керек. Адам өзі ауырып қана қоймай, бүкіл отбасын әбігерге салады. Дұрыс тамақтанбаудан қазір артық салмағы бар адамдар көбейді. Қазір семіздік созылмалы прогрессивті түрде жүретін ауру болып есептеледі, яғни семіз адам ауру адам деп қабылданады.

– Қатерлі ісік ауруларының ішінде асқазан аурулары қандай орын алады?

– Қазақстанда асқазан қатерлі ісігімен жыл сайын 40 мыңнан астам адам тіркеледі. 2023 жылы 41 500-ден астам адам тіркелген, осы аурудан 13 мыңға жуық адам қайтыс болған. Қатерлі ісік аурулары ішінде асқазан обыры 3-орында тұр, 1 орында – өкпе, 2-орында – тоқ ішек обыры. Дегенмен, қазіргі кезде алдын ала диагностикалау қарқынды дамуда. Біздің ауруханада асқазан, ішек, бауыр аурулары емделеді. Соның ішінде ең өзекті мәселе – гепатит Д. Ол көп жағдайда созылмалы гепатитке, бауыр циррозына, бауыр обырына алып келеді. Себебі Д вирусқа қарсы препарат әлем бойынша жасалған жоқ. Бұл – әлемдік өзекті проблема. Осы проблема біздің қолымызды байлап отыр. Әрине, әлем бойынша осы бағытта ғылыми жұмыстар жүргізілуде, Д вирусқа қарсы препарат пайда болады деген үмітіміз де жоқ емес.

Асқазан аурулары жас таңдамайды. Егде жастағылар арасында созылмалы гастриті жоқ адамдар өте сирек, себебі асқазан ішетін тағамға байланысты пайда болады. Оны тудыратын «хеликобактер» деген инфекция, ол асқазанның шырышты қабатында өсіп, көбейеді. Симптомсыз деңгейден бастап асқазанның қатерлі ісігіне дейін алып келуі мүмкін. Сондықтан ауру белгісі білінбесе де профилактикалық тексерулерден өтіп отыру керек.

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМНАН АРТЫҒЫ ЖОҚ

– Дұрыс тамақтану бойынша үлгі етуге болатын қандай елдерді атап айтар едіңіз?

– Ең ұзақ жасайтын ел – жапон халқы, сосын кәрістер, Еуропаның кейбір елдері. Демек, осы елдерді үлгі тұтуға болады. Бұл елдерде семіз адамды кездестірмейсің. Олар көбіне теңіз тағамдарын қолданады, себебі олардың ата-бабалары да осы тағамдарды қолданып келді, яғни, олар теңіз өнімдерін ұлттық тағам ретінде жалғастыруда. Сол сияқты біз де өзіміздің ұлттық тағамымызды ұмытпай, соны бойтұмар етуіміз керек. Құрт, ірімшік, сары май, тары-талқан, айран, шұбат, қымыз болсын, бәрін пайдалану керек. Оларды жаңа технологиямен дамыту қажет. Халыққа біздің иммундық жүйемізге тән ұлттық тағамдарды қолдануды ұсынамын. Қосымша жеміс-жидектер, көкөністерді жыл бойына үзбеу керек. Етке жететін диеталық тағам жоқ. Ең дұрысы – жылқы еті, ол иммундық диеталық тұрғыдан бізге сіңімді.

– Сіз араласқан зерттеулер нәтижелері ҚР практикалық денсаулық сақтау саласына енгізілді. Зерттеулер аясында көптеген отандық және шетелдік басылымдарда мақалалар жарияланып, дәрігерлерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, патенттер мен авторлық куәліктер, монографиялар жарық көрді. 170-тен астам басылымның авторысыз. Қазіргі таңда басқа қандай жобалар, зерттеулер бойынша жұмыс істеп жатырсыз?

– Мен өзім гастроэнтеролог, гепотолог дәрігерімін. Кандидаттық және докторлық диссертациям да ас қорыту, соның ішінде бауыр аурулары жайында болды. Сол тақырыпты жалғастырып келемін. Қазіргі жұмыс істейтін ауруханада ісік ауруларының ерте анықтауда маңызды зерттеу әдістері, әлемдік стандарттарға сай келетін барлық емдеу шаралары жүргізіледі. Консилиуммен шешілетін жұмыстарды атқарамыз. Бізге көбіне өңірлерден дұрыс емделмеген, диагнозы дұрыс қойылмаған, дерті асқынып кеткен науқастар өте ауыр жағдайда келеді. Сонымен қатар Президент Іс басқармасының медицина орталығы ауруханасы болған соң елге еңбегі сіңген және мемлекеттік қызметтегі адамдар емделеді.

Сонымен қатар қымызды ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастырудамыз. Оның өте күрделі аурулардың алдын алудағы пайдасы ұшан-теңіз. Соны медициналық білім беретін оқу орындарының бағдарламасына енгізуге әрекет етудеміз. Дәрігерлер өзі «скептик» болып келеді, яғни олар тек оқыған мәліметтеріне ғана сенеді. Университетте қымыз бен саумал туралы ақпаратты алмаған соң, оның пайдасын білсе де, практика кезінде қолдана қоймайды. Тек дәрі-дәрмекті ғана қолданады. Жақында біздің орталықта дәрігер-резиденттерді қабылдауға лицензия алдық. Соларды оқыту бағдарламасына қымыз бен саумалдың пайдасы туралы ақпараттарды енгіздік. Енді бізден бітірген резиденттер ұлттық сусындардың ем-шипалық қасиеттерін біліп шығады. Осы бағыттағы жұмыстарды тиісті министрліктерге жеткізсек, олардан қолдау тапсақ, кереметтей қасиеттері бар ұлттық сусындарымызды кеңінен қолдануға жол ашсақ, халықтың өмірін ұзартуға мүмкіндік алар едік.

Сұхбаттасқан **Райхан РАХМЕТОВА**

№109 (4853) 16/09/2025 Сейсенбі

Шапағат ӘБДІР

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының бастамасымен жүзеге асып жатқан жаңа әдеби жоба – «Қаламгер ұстаханасы» аясындағы кезекті кездесу белгілі әдебиеттанушы, жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбайдың қатысуымен өтті.

Кеш барысында ғалым Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолы» эпопеясы төңірегінде «Көркем шындық пен тарихи шындық» тақырыбында тағылымды дәріс оқыды.

«АБАЙ ЖОЛЫНЫҢ» АҚИҚАТЫ



ТАРИХИ ШЫҒАРМАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖЕТІ ТАЛАП

«Біз бүгінгі күнде көркем әдебиетті қалай түсінеміз, қалай қабылдаймыз? Соның ішінде өзіміздің ұлтымыздың басты сана тебіренісіне айналған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» қалай түсінеміз? Өкінішті бір жай, оқырмандар тіпті біраз әдебиетшілердің өзі «Абай жолындағы» – Абай Абайдың нақты өмірі деп есептейді. Олай емес. «Абай жолы» роман эпопеясында бір сөз көркем шындықсыз жазылмаған.

Тарихи шығармаларды талдағанда үш түрлі бағыт ұстану керек. Тарихи шындық, көркемдік шындық, өмірлік шындық. Осы үшеуінің арасындағы шекті ажыратып, саралап білдіртпей өрген шығарма – ол «Абай жолы». Көркем шындық – абсолюттік шындық. Мұхтар Әуезовтің өзі де: «Абай жолынан» өмірлік шындық іздейді. Біреулер мына кейіпкер былай емес еді, анау былай болмауы керек еді» деп сын айтады. Бірақ мен ондай пікірлерге мән бермедім. Тарихи шығармаға қойылатын талаптардың заңдылығымен ғана қарадым» дейді Әуезов» деп сөзін бастаған ғалым осы тұста тарихи тақырыптағы көркем шығарма жазуда ескерілуі тиіс жеті талапты атап өтті:

1. «Тарихи кейіпкердің аты-жөні, шыққан тегі, өмірбаяны мен сипаттары шындыққа сәйкес болуы тиіс.

2. Кейіпкердің туған және қайтыс болған жылдары нақты көрсетіліп, сол деректер шығарманың басталуы мен аяқталу шегін белгілейді.

3. Кейіпкердің сырт келбеті мен дене бітімі шынайы сипатталуы қажет. Өтірік бейне жасап, қолдан әшекейлеуге жол берілмеуі керек.

4. Кейіпкер ұстанған дін бұрмаланбауы керек.

5. Отбасылық жағдайы мен жеке өміріндегі маңызды оқиғалар нақты әрі шынайы жазылуы тиіс.

6. Кейіпкер өмір сүрген қоғамның тарихи жағдайы – қоғамдық құрылым, саяси ахуал нақты сипатталуы керек.

7. Табиғат көріністері де шындыққа сай болуы қажет. Мысалы, шығарманың оқиғасы өтетін жерде тау жоқ болса, «тау бар» деп жазуға болмайды» деп сөзін сабақтаған Т.Жұртбай: «Ғылым мен өркениеттің сол дәуірдегі жетістіктерінен асып кетуге болмайды. Міне, осы талаптар сақталған жағдайда ғана көркем шығарма тарихи сипатқа ие бола алады» деп түйіндеді сөзін.

> Тарихи шығармаларды талдағанда үш түрлі бағыт ұстану керек. Тарихи шындық, көркемдік шындық, өмірлік шындық. Осы үшеуінің арасындағы шекті ажыратып саралап білдіртпей өрген шығарма – ол «Абай жолы». Көркем шындық – абсолюттік шындық. Мұхтар Әуезовтің өзі де: «Абай жолынан» өмірлік шындық іздейді

АБАЙ ТУҒАНДА БОЛМАҒАН, БІРАҚ РОМАНДА БАР ҮШ ОҚИҒА

Сондай-ақ Тұрсын Жұртбай өз сөзінде «Абай жолы» романында көркемдік мақсатпен енгізілген, алайда тарихи шындыққа сай келмейтін үш ірі оқиғаны нақты мысалмен түсіндірді:

1. Қодар мен Қамқа оқиғасы

Бұл оқиға романда Абайдың көзі тірісінде болғандай суреттеледі. Бірақ тарихи деректер бойынша, Қодар мен Қамқа оқиғасы 1834-1836 жылдары орын алған. Яғни, Абай тумаған кезде, бұл жағдайға оның қатысы болуы мүмкін емес.

«Оқиға шынайы өмірде болған. Қазіргі Шәкәрімнің қыстауы маңында Қодар мен Қамқаның қабірі болған. Сол маңдағы халық: «Бұл екеуінің күнәсін қара жер де көтермейді» деп бейіттерін өртеп жіберген. Қамқаның шешесі қызының бетіне түкіріп, теріс бата бергені де шын. Тастан үйіп қоршап, ортасын өртеген сол үйінді әлі де бар. Шәкәрімнің қыстауынан 3 шақырымдай жерде, өзеннің арғы жағында сол белгі сақталған» деді ғалым.

2. Мұсақұл соғысы

Романда Абай бұл соғысқа араласып, көзімен көргендей сипатталады. Бірақ шын мәнінде Мұсақұл соғысы 1846 жылы 16-17 қыркүйекте өткен. Бұл кезде Абай небәрі бір жасар бала болатын.

«А.Янушкевичтің күнделігінде: «Құнанбай бірдеңеге ашуланып, ағайындарымен араздасып кетті. Біз Қарқаралыға, Айбике болыстығына, Тәттімбеттің ауылына кеттік» деп жазады. Осы сапар барысында Мұсақұл соғысы басталған. Демек, бір жасар Абайдың ол соғысқа қатысып, ондағы оқиғаларға араласуы мүмкін емес» деді Тұрсын Жұртбай.

3. Бөжейдің асы

Романда Бөжейдің асына Абай қатысып, тіпті оны басқарып жүреді. Алайда шын мәнінде Бөжейдің асы 1850 жылы берілген. Ол кезде Абай бар болғаны 5-6 жаста болған.

«Яғни, бұл үш оқиға да көркем шығармада Абай қатысқандай суреттелгенімен, тарихи уақыт тұрғысынан алғанда, оның қатысуы мүмкін емес екенін көреміз» деп тоқталды ғалым.

БАЗАРАЛЫ НЕ ҮШІН ЕКІ РЕТ ИТЖЕККЕНГЕ АЙДАЛДЫ?

Ғалымның айтуынша, Базаралыны екі рет итжеккенге айдаған – Абайдың өзі.

«Абай болыс болғанда «ұры-қарыны, өтірікті тыямын» деген анты болған. Ал Базаралы болса – құдай берген күшін пайдаланып, барымтаны кәсіп еткен адам. Ол Абаймен ерегесіп, Абайдың ағасы Тәңірбергеннің 800 жылқысын барымталап Бөкенші өзенінің бойында, бір күннің ішінде терісін сыпырып тастаған» деді Т.Жұртбай. Демек, бұл оның бірінші рет итжеккенге айдалуына себеп болған.

Екінші рет айдалуына себеп:

«1864 жылы Құнанбай Меккеге кеткенде, Базаралы Абай мен Оспанның үйлерінің ортасындағы Нұрғанымның үйінде бір ай бойы жатып алады. Абайдың, Оспанның, Дүтбайдың балаларының көзінше өз дегенін істейді. Осы басынуы үшін Абай: «Түбінде бұл басынғаныңды саған көрсетемін» деп ант берген екен» деді ғалым.

«Базаралы романда – аңғал, батыр, кедей етіп бейнеленген. Тіпті Нұрғаным Құнанбайға: «Егер әйел болсаңыз, сіз де Базаралыдан бас тартпас едіңіз» деп айтады. Ал шындық басқа. Бұл – көркемдік шешімнің нәтижесі» деді ғалым. Сонымен қатар «Мұхтар Әуезов роман жазып жатқанда, жазушы Әлжаппар Әбішев: «Айгерімді жағымды кейіпкер етіп көрсетіңіз, кедейдің қызына обал болмасын. Ал Ділдә – менің апайым болса да, жағымсыз кейіпкер ретінде суреттеңіз» деп өтініш білдіргенін де айтып өтті ғалым.

Осыдан кейін Әуезов бастапқыда жазған Ділдә бейнесін Айгерімге ауыстырған екен. Міне, біз оқыған көркем шығарманың бір шындығы осылай.

ҰЛТТЫ БІРІКТІРЕТІН БАСТЫ КҮШ – ТІЛ

Дін – қай дәуірде де қоғамда кең талқыға түсетін әрі аса нәзік тақырып. Оны терең зерттеп, деректерге сүйене отырып, жұртшылыққа ұсыну – екінің біріне бұйыра бермейтін ауыр міндет. Жас зерттеуші Ерзат Меллатұлының «Ұлы даладағы діндер мен сенімдер тарихы» атты жуырда жарық көрген еңбегі – осы жауапкершілікті арқалаған құнды дүние. Автор жүздеген тарихи, этнографиялық деректерді саралап, Еуразия даласын мекендеген халықтардың сенім-нанымдары мен діни дүниетанымын барынша кең қамтып, жүйелі түрде талдауға ұмтылған.



– Дін тақырыбы – өте нәзік тақырып. Сосын да бұл салаға көп адам қалам тарта бермейді. Ал сіз бұл кітапты жазу ойына қалай келдіңіз?

– Мен бұдан өзге тақырыптарды қарастырып, әсіресе, Моңғол империясының жазба мұраларына қатысты еңбек жазып жатыр едім, 2023 жылы әлеуметтік желілердегі діни талас-тартыстарды көргеннен кейін бұл тақырыпқа қызығушылық оянды. Тіпті, кейбір маман кісілердің өзі «8 ғасырдан бері бізде тек ислам діні ғана болды» деп айтқанын көріп, бұл қалай деген сұрақ туды. 13-ғасырда керей, найман, куман-қыпшақ, оңғыт бабаларымыз христиан болғанын көп деректер дәлелдейді. Ал таза моңғол татар атанған жалайыр, қоңырат, үйсін, дулат, суан, алшын татарлар 13-14 ғасырда тәңірлік сенімде болған ғой. Ол да – анық деректер. Осы сұрақтардың түбіне жету үшін көне деректерді ақтара бастадым, кітапты жазу осылай басталған еді.

– Бұл кітаптың дін туралы жазылған өзге кітаптардан ерекшелігі неде?

– Басты ерекшелігі – бұл кітапта осы далалық Еуразия кеңістігінде болған әртүрлі діндер мен сенімдер барынша толық қамтылған, ешқандай дінге немесе сенімге басымдылық берілмеген. Бәріне тең тұрғыда баға берілген, белгілі бір діннің уағыздарын дәріптеу емес, қайта діндердің таралу тарихы туралы деректер жинақталған десе де болады.

– Кітапта «пайдаланылған әдебиеттер» деген тізіммен 629 еңбектің сілтемесі көрсетіліпті. Мұның бәрін қалай сүзіп шықтыңыз?

– Бұл кітаптың ішінде неше жүздеген тарихи, мифтік, этнографиялық кітаптардан алынған деректер мен ғылыми мақалалардан алынған дәйектер бар. Қазір дамыған заман ғой, бәрі қолайлы, көп санды кітаптарды, көптеген ғылыми мақалаларды интернеттен түсіріп алып оқуға болады, әрине, көбі ағылшын тілінде. Айта кетерлігі, мұның бәрі тегін емес, ақша төленеді, керек болған соң амал жоқ, сатып алып оқисың, осылай бір тақырып бойынша қуалап ғаламтордан күніне неше он мақаланы шолып шығып, одан өзіме керекті жерлерін алып отырдым, осылайша әдебиеттер тізімі көбейіп кетті. Енді тарихи деректер онсыз да бұрыннан өзім оқып, жазып жүрген материалдар, соның өзінде де көптеген тың деректерді тағы да көріп, іздеп табуға тура келді. Жаңа еңбектің ерекшелігі – қандай да бір дінді дәріптеуге емес, олардың тарихи-мәдени мәніне, ұлттық болмысқа сіңісуіне басымдық берілуінде.

> Ұлтты біріктіретін бірінші фактор ол – тіл! Еуропада ағылшынның христиан, атеист немесе өзге сенімдегілері бар, бірақ оған бола олар өздерін ағылшын емеспіз деп айтпайды. Бұған мысал ретінде басқа да көптеген ұлттарды келтіруге болады, санасы биік адам кез келген дінді де, мәдениетті де дұрыс көзқараспен қабылдай алады

– Бізді дін біріктіреді деген түсінікке қалай қарайсыз?

– Ұлтты біріктіретін бірінші фактор ол – тіл! Еуропада ағылшынның христиан, атеист немесе өзге сенімдегілері бар, бірақ оған бола олар өздерін ағылшын емеспіз деп айтпайды. Бұған мысал ретінде басқа да көптеген ұлттарды келтіруге болады, санасы биік адам кез келген дінді де, мәдениетті де дұрыс көзқараспен қабылдай алады.

– Дін мен сенімнің қатынасы туралы не айтасыз?

– Меніңше, екеуі – бір ұғым, Африка мен Американың тайпаларында да сенім бар, дін деген сол сенім-нанымның дамыған түрі. Мысалы, иудаизм алғаш пайда болған Абрам (Ибрахим) оның ұрпақтарынан Мұса, Соломонға дейін ешқандай мешіт, храм, қасиетті кітап, қалыпқа түскен құлшылық қағидалары болмаған, бірақ сол Жаратушыны танып, оған сенген, анда-санда сол құдайға тасаттық берген. Мұсаның кезінде «Тора» заңдары қабылданып, Соломонның заманында құдайға арнап жерден «Құдайдың үйі» деп аталатын храм салынды, демек иудаизмның басы сенім болды да, сол сенім дами келе дінге айналды. Былайша айтқанда, еврейлер көшпенді малшы еді, оларда тәңірлік сенімге ұқсас бір құдайлық сенім болды, халық саны өсіп, өзге жерлерді жаулап отырықшы халыққа айналып храм салғанда ол дінге айналды. 19-ғасырға дейін қазақтар да дінмен емес, сеніммен жүрді.

– Тағы қандай еңбектер жазып жүрсіз?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, 13-14-ғасырлардағы Моңғол империясы мен осы империя ыдырағанда пайда болған төрт ұлыстың көне ұйғыр жазуымен жазылған мұраларын дайындап жатырмын, ондағы жазулардың тілін қазақшалап оқырманға ұсынбақпын.

Сұхбаттасқан Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

№109 (4853) 16/09/2025 Сейсенбі



ӘКЕНІҢ СҰСЫ БАСЫМ ЕДІ...

Осы күні арба сүйреткен жас әкелер көзге жиі түседі. Жиіркенбей, баланың памперсін ауыстырып жатқанда, қасындағы келіншегі «өзіңнің балаң ғой» дегендей миығынан қарап тұрғаны жанға батады. Балалы жұп үйге қонаққа келсе кетерінде екеуі екі жақтан баласын киіндіріп әлек болып, есті шығарып жібереді. Бір әйелден, яғни анасынан артылмайтын нәрсені ебедейсіз еркекке неге артып қойған деп тілімізді тістейміз. Бала бағу, өсіру, жетілдіру, баратын жеріне тасудың өзі әкесінің жұмысына айналып барады.

Айгүл УАЙС

Дұрыс та шығар. Бірақ ерік-жігерсіз ұсақ, үй шаруасына епті, бірақ даланың тірлігіне қырсыз, «үйкүшік» қауқарсыз ерлер осылайша көбейіп бара жатқан жоқ па?!

Бұрынғы әкелердің сұсы басым болатын. Өз жұмысын, міндетін ғана біліп, тұтас әулеттің арқауын қолында ұстап тұратын. Мал тауып балаларының болашағына жол ашып берді, өміріндегі үлкен оқиғалардың басында жүрді. Нағыз ер-азамат, қамқор әке бола жүре, отбасынан тыс болатын. Соңғы сөз – әкенікі. «Әкеңнен сұра, әкең біледі» біздер атап өтпейтін заң болатын. Осының айналасында әкелердің тұлғасы айшықталып, беделі бекіді. Естияр ұрпақ әке ғана емес, тұлға ретінде құрметтейді.

Есейе келе анамыз бен әкеміздің табиғатын түсіндік, бірін-бірі толықтырып тұратын бір нәрсенің екі қыры барын, ол сақталмаса, дүние төңкеріліп кететінін ұқтық. Отбасына деген жауапкершілік – тек әкенің ғана иығына шақ келетінін, анамыз оның тірегі. Осындай үйлесім болмаған жерде, отбасы деп аталатын күрделі институттың мүшелерінің міндеті ауыстырылғанда береке мен бірлік те кетеді. Одан тек қана бала-шағасы ғана емес, айналасындағы туыстары да азабын тартады. Алдымен әйел биік қорғанынан айырылады. Оның тұлғасында қорғаушы, ері сенімді жары мен сүйеніші, ал қорғансыз қалған әйел жолында кездескен ешкімді де аямайды. Оның өз болмысын сақтап қалуы еріне байланысты.

Осы күнгі әкелер жауапкершіліктен ада. Азғантай отбасын уысында ұстай алмайды деп кейіміз. Отбасын сақтаудың алғышарты – «әкелік». Әкелік – отбасының іргесін нығайтатын, қоғамдағы да белгілі бір дәрежедегі тәртіпті қалыптастырудың қағидасы іспетті. Асқар тау деп биіктіктің мағынасын «әкелік» деген ұғымға сыйдырған ел едік. Ол ұғымнан алыстап барады бүгінгі әкелер. Сол әкелер отбасындағы биігімен, қызметінде де ықпалы болатын, өзіне деген құрметінен жаңылмай, әділдікті алға тартатын. Қоғам арсыздықтан ада еді.

Ашық-шашық әлеуметтік желіде болсын, айналамыздағылар арасында болсын, ұлтымыздың діңгегі болатын азаматтарды сирек кездестіреміз. Бағымызға қарай мұсылман елінде өмір сүріп жатырмыз, болашағымыз бар деуге болады. Отбасы институты жойылған, әйелдері тумайтыны аздай еркекпен алысқан еуропаның бізге үлгі емес екеніне көзіміз жетіп келеді.

Отбасы институтын, сайып келгенде, мемлекеттің өзін сақтау үшін біздің санамыздағы «күшті әке», күшті мемлекеттік биліктің де тұтқасы болатын образы қажет. Әкенің сұсын көрмей-сезбей өскен ұрпақтың болашағы бұлыңғыр.

Соңғы кездері отбасы институты құлдырағаны соншама, Отанның отбасынан басталатынын да естен шығардық. Ұлттық салт-дәстүрін, ұстанымын қалыптастырған әже болған аналарымыздың, ата болған әкелеріміздің өнегелі жолын жаңғыртпай, отбасылық құрылымның мыңдаған жылдардан бері қалыптасқан үлгісін сақтамай, оны бүгінгі беймәдениетке дәру ретінде қолданбай, алға басуымыз қиын. Ол болмаған соң қазақтың отбасынан да, қазақы қоғамнан да айырылып келеміз.

БАЛА БАСҚАРҒАН ЗАМАН ТУДЫ МА?

Жуырда қонақтар жиналған шағын дастарқан басында «Үйде менің қызымның айтқаны – заң. Соның дегенімен жүреміз» деп жымиды орта жастан асқан кісі. «Біздің ұл да айтқанынан қайтпады. Ауылдағы үйді сатқызып, осында ертіп келді» деп қостай кетті тағы бірі.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Бұрындары әке – отбасының қожасы, шешім қабылдаушы, ал ана тәрбиенің қайнар көзі еді. Ал дәл қазіргі қоғамда «үлкеннің сөзі – заң» деген үрдіс ұмытылып бара жатқандай.

Ақпараттық технологияның қарыштап дамыған дәуірінде кез келген баланың әлеуметтік желі мен интернет арқылы жаңа білімге, түрлі ойларға еркін қол жеткізіп жүргені жасырын емес. Соның салдарынан көп жағдайда балалар ата-анасының пікіріне қарсы шығып, кейде өздерінің қалауын жоғары қойып жатады. Тіпті, кейбір отбасыларда «баланың айтқаны орындалатын» құбылыс жиі байқалып жүр.

Балалар психологы Мөлдір Шәменқызының айтуынша, кешегі кеңестік кезеңдегі отбасыларда тәрбие қатаң болды. Үлкенге қарсы сөйлеу әбестік саналатын. Баланың орны белгілі еді, ол үлкенді тыңдап, еңбекке үйреніп өсті. Әрбір шешім – әкенің, әрбір мейірім – ананың қолында болатын.

«Бүгінгі балалардың мүмкіндігі мүлде бөлек. Заманауи білім көздері арқылы олар дүниетанымын ерте қалыптастыруда. Ақпаратты ата-анадан емес, интернеттен алып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыланған. Кейбір отбасыларда бала ата-анасын емес, ата-ана баласын тыңдайтын жағдайлар жиі кездеседі. Маман ретінде мұның бірнеше себебін айта аламын. Біріншіден, ақпараттың қолжетімділігі баланың пікірін батыл етуде. Оның үстіне, ата-ананың жұмысбастылығы балаға көңіл бөлуді азайтты. Үшіншіден, жаһандану мен шетелдік мәдениет ықпалы дәстүрлі құндылықтарды әлсіретіп жатқаны баршаға аян» дейді психолог.

Stanford университетінің зерттеуіне сүйенсек, кейбір жағдайларда ата-ананың тым бағыттаушы мінез-құлқы (overparenting) балалардың тәуелсіздігі мен әлеуметтік дағдыларына кері әсерін тигізеді екен. Яғни «әрқашан бақылау» да зиян келтіруі мүмкін. Бұл зерттеу тепе-теңдік қажет екенін айтады.

Жалпы, бұл үрдістің жақсы жағы да барын сарапшылар растап отыр. Өйткені баланың еркін ойлауы, пікірін ашық жеткізуі – оның тұлға ретінде дамуына ықпал етеді. Өз қалауын айтуға үйренген бала ертеңгі күні өз-өзіне сенімді азамат болып өседі. Сондай-ақ ата-анамен тең дәрежеде сөйлесу – отбасындағы сенімділікті күшейтеді-міс.

Ал әлеуметтанушы Досбол Қуандықовтың пікірінше, баланың шектен тыс еркіндігі тәртіптің әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Ата-анаға бағынбайтын, өзін ғана дұрыс санайтын бала ертеңгі күні қоғаммен тіл табысуда қиналады.

«Қазақы тәрбиенің алтын өзегі – үлкенді сыйлау. Бұл құндылық жойылса, ұрпақ сабақтастығы да үзілуі мүмкін. Баланың шектен тыс еркіндігі кейде тәртіпсіздікке алып келеді. Үлкенді сыйлау секілді дәстүрлі құндылықтар әлсірейді. Кейде бала өз қателігін дер кезінде түсінбей, ата-анасына қарсы шығуы мүмкін» деп санайды ол.

Ұзын сөздің қысқасы, бұл мәселеге біржақты қарауға болмайды. «Баласы ата-анасын басқарған заманды» қоғамның дамуымен келген жаңа құбылыс деп қарауға болады. Бір жағынан, бұл демократия мен еркін ойдың көрінісі болса, екінші жағынан, дәстүрлі тәрбиенің әлсіреуін де көрсетеді. Артықшылығы да, қаупі де жоқ емес. Егер бала еркіндігін жауапкершілікпен ұштастырса, ал ата-ана мейірім мен тәртіпті қатар ұстай білсе ғана отбасындағы және қоғамдағы да үйлесім жарасар еді.



АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ: СТИГМА НЕМЕСЕ СЫРҚАТПЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЗДЕСКЕН КЕЗДЕГІ ҚОРҚЫНЫШ

Өкінішке қарай, АИТВ-инфекциясы мен ЖИТС сырқаты әлі күнге дейін әртүрлі мифтермен, нанымдармен және қорқынышпен байланысты. Солардың бірі – невротикалық бұзылыс ретінде, бірақ АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды кемсіту мен стигматизациялаудың нақты проблемасымен тығыз байланысты АИТВ немесе ЖИТС-пен сырқаттанудан қорқатын спидофобия. Сырқат ипохондриялық белгілер, қисынсыз қорқыныш түрінде көрінсе, әлеуметтік салдарға стигматизация және АИТВ-мен ауыратын адамдардың құқықтарына шек қою жатады.

Адамның иммун тапшылығы вирусы адамның жынысына, жасына, ұлтына, әлеуметтік жағдайы мен жыныстық бағдары бойынша әртүрлі болмайды. Инфекция бар және адамзаттың міндеті – осындай проблемасы бар әлемде қорқыныш пен нанымсыз өмір сүруді үйрену.

«АИТВ қайдан пайда болды?» сұрағының нақты жауабы жоқ. Бірақ оның пайда болуы туралы әртүрлі гипотезалар бар.

Әлемдегі ғалымдардың кейбіреуі адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) бұрыннан бар, бірақ экологиялық және техногендік апаттардың нәтижесінде мутацияға ұшырап, адамға қатысты агрессивті болды десе, екінші нұсқа бойынша қауіпті микроорганизмнің тасымалдаушылары жасыл маймылдар болып, қандай да бір жолмен вирус олардан адамға таралды дейді.

Әлемдік қоғамдастық қабылдаған шараларға қарамастан АИТВ-инфекциясының таралу қарқыны төмендемей отыр. АИТВ-инфекциясы эпидемиясының дамуымен медицина «СПИДофобия» деп аталатын жаңа проблемалар мен мәселелерге тап болды.

Көптеген адамдар теріс талдау нәтижесін көрсе де, АИТВ-мен сырқаттанамын деп ойлағандықтан, олардың мінез-құлқын қауіпті деп атауға болмайды.

Осындай адамдардың нақты проблемасы депрессия, мазасыздықтың жоғарылауы, қатты кінә, фобия, қисынсыз қорқыныш, мәжбүрлі (жабысқақ) мінез-құлық сияқты психологиялық сипатқа ие.

Осы сияқты психологиялық проблемаларды білікті психолог немесе дәрігер анықтап, дұрыс диагноз қоя алады.

Спидофобияның болуын растайтын кейбір белгілер:

- Кез келген симптом-талдау теріс және жұқтыру қаупі аз немесе мүлдем жоқ болса да АИТВ-инфекциясының алғашқы көріністері екеніне сенімді. Оларда АИТВ-инфекциясын жұқтыру қаупі жоқ дегенге қарамастан, қорқыныштары сейілмейді.

- АИТВ инфекциясына тапсырған тест теріс нәтиже көрсетсе де, тест жүйесі қате, дәрігерлердің құзыреті жеткіліксіз және т.б. себептерді ойлап АИТВ-инфекциясын жұқтырдық деп ойлайды. Сондықтан олар қажет емес деген сенімге қарамастан ПТР, вирустық жүктеме, иммундық статус, антигендер, АИТВ-2 және т.б. қоса алғанда қайта-қайта тест тапсырады. Олар әдеттегі тест жүйелері қандай да бір себептермен анықтай алмайтын АИТВ-ның сирек кездесетін түрі бар деп қорқады.

- АИТВ-инфекциясынан қорқуына байланысты күнделікті өмірде, туыстарымен, достарымен, серіктесімен, жұмыста, оқу орнында жүйелі түрде қиындықтар туындайды.

СПИДофобия қоғам көбінесе АИТВ-мен ауыратын адамдарды «қауіпті» деп санап, инфекциядан қорқу мен оқшауланууды күшейтетін кемсітушілікпен тығыз байланысты. Осылайша СПИДофобия жеке проблемаға ғана емес, сонымен бірге АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың толыққанды интеграциясына кедергі келтіретін әлеуметтік кедергіге айналады. СПИДофобия - бұл психологиялық проблема ғана емес, сонымен қатар кемсітушіліктің көрінісі. Бүгінгі медицина АИТВ-мен ауыратын адамдарға толыққанды өмір сүруге мүмкіндік беріп, қорқыныш пен алалаушылық қоғамның болашаққа стигма мен оқшауланусыз өтуіне жол бермейтінін есте сақтаудың маңызды екендігі туралы ескертеді.

Үнемі қорқыныш жағдайы фобияның себептерін анықтауға, психотерапия әдістерін таңдауға көмектесетін және қажет болған жағдайда мазасыздықты дәрі-дәрмекпен емдеу үшін психиатрға жіберетін маманның кеңесін қажет етеді.

АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығында білікті психотерапевт дәрігер қорқынышты жоятын үшін психотерапия әдістерін ұсынып, мазасыздық пен басқа белгілерді жоюға көмектесетін дәрі-дәрмектерді таңдауға көмектеседі. Нанымның сізді басқаруына жол бермеңіз.

АИТВ-ға талдау нәтижелерін алғанға дейін өзіңізді қалай қорғауға болады:

- Тәуекел деңгейі жоғары болса, дүрбелеңге түспей дереу әрекет ету тәртібін анықтайтын АИТВ-инфекциясы орталығының инфекционист дәрігеріне хабарласыңыз. Инфекцияның ықтималдығын азайту үшін жанасудан кейінгі профилактика (ЖКП) жүргізіледі, вирустың дамуының әртүрлі кезеңдеріне әсер ететін 2 немесе 3 антиретровирустық препараттарды қабылдау. Дәрігер оны қолдану қажеттілігін кеңес беру кезінде бағалайды.

- ЖКП препараты емдеуді байланыстан кейінгі алғашқы 72 сағатта бастаған кезде ғана тиімді болғандықтан, дәрігерге уақытында бару өте маңызды. Терапияның ұзақтығы – 28 күн. ЖКП-ның тиімділігі емдеу режиміне сәйкес 80%-дан асады.

К.АРЫСТАНБЕКОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК эпидемиолог-дәрігердің көмекшісі

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Ливерпульде өткен әлем чемпионатында Қазақстан боксшылары командалық есепте бірінші орынды алып қана қоймай, бірқатар рекорд та жасады.





ЖЕТІ АЛТЫН – ҮЗДІК НӘТИЖЕ

Атап айтқанда, төрт боксшымыз: Алуа Балқыбекова (51 келі), Аида Әбікеева (65 келі), Санжар Тәшкенбай (50 келі) және Махмұд Сабырхан (55 келі) екінші рет әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Айбек Оралбай ең ауыр салмақта әлем чемпионы атағын жеңіп алған тұңғыш қазақ боксшы болды. Сондай-ақ бір әлем біріншілігінде ағалы-інілі Махмұд және Төрехан Сабырхандар алтын медаль жеңіп алды. Бұл да тарихи жетістігі осы чемпионатта ең жас әлем чемпионы атанған да қазақ боксшысы Төрехан Сабырхан болды.

Әйелдер мен ерлер арасындағы әлем біріншілігі қатар өткен байрақты жарыстағы айшықтап айтар тағы бір оқиға Қазақстан мен Өзбекстан боксшылары арасындағы бәсеке болғаны сөзсіз. Осы чемпионатқа толық құраммен (әйелдерден 10, ерлерден 10 боксшы) келген де осы екі құрама болған еді. Сондықтан қазақ-өзбек бәсекесі болатыны, жалпыкомандалық есептегі жарыста кімнің жеңіске жететінін бүкіл әлем жанкүйерлері де білгендей болды. Шынымен де солай болды. Чемпионаттың жартылай финалына Өзбекстаннан 11 боксшы шықса, Қазақстаннан 10 боксшы шыққан еді. Ал алтын үшін өткен финалдық жекпе-жектерге екі елден де 8 боксшыдан қалды.

Сонымен, алтын үшін өткен ақтық жекпе-жектер жалпыкомандалық нәтижені анықтап берді. Қазақстан құрамасынан ең жеңіл салмақтағы (50 келі) Санжар Тәшкенбай финалда монғолиялық Баттулга Алдархишигті айқын басымдылықпен ұтып, екінші рет әлем чемпионы атанды. Ал Махмұд Сабырхан болса, испаниялық Рафаель Лосаноны тізе бүктірді. Бұл екі боксшымыз 2023 жылы Ташкентте өткен әлем чемпионатында алтын жүлдеге қол созған еді. Осы чемпионатта керемет өнер көрсеткен боксшымыз, он тоғыз жасар Төрехан Сабырхан шын мәнінде талантты екенін мойындатты. Оның әрбір жекпе-жегіне жанкүйер қауымның сүйсіне қарап, ерекше қошемет білдіріп жатты. Ол финалда жапониялық атақты боксшы Севон Оказаваны жеңді. Ал енді ең ауыр салмақтағы айқас бірінші кезекте Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы бәсекеде кімнің жеңетініне жауап беретін жекпе-жек болды. Шаршы алаңға Айбек Оралбай мен Жахонгир Зокиров шыққанда кең сарайдың іші бірде сілтідей тынып, бірде айқай-шуға шомып жатты. Қос алыптың айқасы шын мәнінде «жан алысып, жан беріскен» жекпе-жекке ұласты. Бірінші және екінші раундта ұпай санымен ұтылып тұрған Айбек үшінші-шешуші кезеңде «Жалоловтың ізбасары» атанған Зокировты тас-талқан етіп ұрды. Қазақ боксшысының қайсарлығына риза болған төрешілер жеңісті Айбекке берді. Сөйтіп, қазақ пен өзбек арасындағы бәсекеде жетінші алтын медальді жеңіп алған Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орыннан көрінді.

Қазақ қыздары да бұл чемпионатта керемет жетістікке жетті. Финалда өзбек қызы Навбахор Хамидованы жеңген Аида Әбікеева (65 келі), түркиялық қарсыласын тізе бүктірген Алуа Балқыбекова (51 келі) және австралиялық боксшыны айқын басымдылықпен ұтқан Наталья Богданова (70 келі) чемпионат барысында жоғары шеберліктерін көрсетті. Бір әттеген-ай дегеніміз, әлемнің үш дүркін чемпионы Назым Қызайбайдың финалдық жекпе-жекте сүрінгені болды. Қазақ қызының төрт дүркін әлем чемпионы болады деген үкілі үмітіміз, өкінішке қарай, ақталмай қалды. Алайда Назымның бұл күмісін де алтыннан кем санамаймыз.

Он күн бойы Ливерпуль төріндегі кең сарайда «Иә, солай, иә солай, Қазақ елі осындай!» деп қазақ боксшыларына қолдау білдірген жанкүйерлердің үміті де, сенімі де ақталды. Қазақстан боксы қайтадан өз биігіне көтерілді.

Сонымен, World Boxing ұйымы аясында өткен әлем біріншілігінде Қазақстан құрамасы керемет нәтижеге қол жеткізді. 7 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль олжалаған Қазақтан жалпыкомандалық бірінші орыннан көрінсе, 6 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль еншілеген Өзбекстан құрамасы екінші орыннан, ал 2 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль иеленген Үндістан құрамасы үшінші орынға ие болды. Сондай-ақ Австралия, Бразилия, Польша және Тайвань боксшылары бір-бір алтын медаль жеңіп алды.

ЕЛОРДАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР ТОП ЖАРДЫ

Қазақстанның ұлттық құрамасы Данияда өткен IX Еуропалық кәсіби шеберлік чемпионатында EuroSkills Herning 2025 жарысында бұрын-соңды болмаған жетістікке қол жеткізді. Тарихта алғаш рет қазақстандық студенттер бірден 7 «Үздік медальон» иеленді.



Чемпионатқа 32 елден 25 жасқа дейінгі 600 үздік жас маман қатысты. Қазақстандық колледж студенттері 25 құзырет бойынша бақ сынады. Олардың қатарында веб-технологиялар, мехатроника, CAD инженерлік графикасы, желілік әкімшілендіру, графикалық дизайн, дәнекерлеу технологиясы, мейрамхана сервисі, кондитерлік іс, автомеханика және басқа да бағыттар бар.

Жарыс қорытындысы бойынша ұлттық құрама бірқатар бағыттар бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, веб-технологиялар бойынша Астана қаласындағы ASTANA POLYTECHNIC жоғары колледжінің студенті Мұхаметжан Ағыбай Қазақстанның Best of Nation – «Үздік өкілі» атанса, мехатроника бағыты бойынша топтық жұмыста Артем Мочинский (Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен жоғары политехникалық колледжі) және Данил Турапин (Астана қаласы, Жоғары политехникалық колледж) жоғары нәтиже көрсетіп, өз кәсіби шеберліктерін дәлелдеді, сондай-ақ графикалық дизайн құзыреті бойынша Ақтөбе қаласындағы Жоғары политехникалық колледждің студенті Бағыжан Қойшыбаев, желілік және жүйелік әкімшілендіру санаты бойынша топтық жұмыс нәтижесінде Астана қаласындағы Жоғары политехникалық колледждің түлегі Данил Лапенко мен Қостанай облысындағы Автомобиль көлігі колледжінің түлегі Глеб Сауленко, ал CAD инженерлік дизайн бағыты бойынша Атырау облысындағы С.Мұқашев атындағы политехникалық жоғары колледжінің студенті Бақдәулет Қуаныш жоғары нәтижеге қол жеткізіп, ұлттық құраманың кәсіби даярлығы мен бәсекеге қабілеттілігін айқын көрсетті.

Ұлттық құраманы оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев жеңісімен құттықтады.


Бұл EuroSkills – WorldSkills қозғалысы аясында өткізілетін Еуропадағы ең ірі жас мамандар чемпионаты. Оның басты мақсаты – кадрларды даярлау саласындағы заманауи стандарттар мен жетістіктерді көрсету. Биылғы чемпионат Солтүстік Еуропадағы ең ірі көрме орталықтарының бірі MCH Messecenter Herning алаңында өтті.

Астанада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында қала тұрғындары арасында жүгіру іс-шарасы өтті. Қатысушылар 4 және 7,6 шақырым қашықтықты еңсерді.

ЖҮЗДЕГЕН АДАМ ЖҮГІРДІ

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында қазақ халқына төніп тұрған кеселдердің қатарына синтетикалық есірткі мәселесін айтып еді. Ал оған қарсы күрес жүргізу үшін бұқаралық спортты дамытып, жүгіру сынды спорттық шараларды өткізе беру қажет. Біріншіден, спорт арқылы адам өз бойында иммунитетті қалыптастырады. Екіншіден, осындай ортада дені сау, уақытын тиімді жұмсайтын жаңа достарды табуға жақсы мүмкіндік. Алдағы уақытта спорттық мерекелерді ұйымдастыра береміз деген сенімдемін» деді Астана қалалық мәслихатының депутаты, Amanat партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанаты филиалының төрағасы Арсланбек Мағзұм.

Спорттық іс-шарада мәреге жеткен барлық қатысушыға арнайы естелік медаль беріліп, лотерея арқылы түрлі сыйлықтар ойнатылды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 109
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ